



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

20 ____ ЖЫЛҒЫ _____

от _____ 20 ____ года

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. МАМИНГЕ**

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Шымкент қаласын республикалық маңызы бар қалалар санатына жатқызу туралы жарлығына жария түрде қол қою рәсімінде Шымкент Орталық Азиядағы қуатты экономикалық орталыққа, қала тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы жағдайлар жасалған ірі, тартымды мегаполиске айналуы және қаланы дамытудың жаңа стратегиясы бұл өңірде өнеркәсіптік, инновациялық, туристік, сауда және логистикалық орталықты қалыптастыруға негіз болуы тиіс - деп нақты тапсырма берген болатын.

Осыған байланысты, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына, демографиялық өсуі мен тұрғындарына ыңғайлы жағдай жасау үшін, қала әкімдігі тарапынан бірнеше қажетті жобалар жасалып, құжаттары өткен 2018 жылы республикалық бюджетті қарау барысында Ұлттық экономика және Қаржы министрліктері деңгейінде толық шешімін таппай, келесі жылы қарауға қалдырылған болатын.

Қазіргі уақытта, 2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджетке жобалық-сметалық құжаттамалары дайын жалпы 95,7 млрд.теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылған. Оның ішінде: 2020 жылға – 70,1 млрд.теңге; 2021 жылға – 17,7 млрд.теңге; 2022 жылға - 7,9 млрд.теңге.

Бұл қаржылардың басым бөлігін азаматтардың әлсіз топтарына жатқызылған отбасылар үшін салынатын тұрғын үйлердің инженерлік-инфрақұрылымы және әлеуметтік нысандармен қамтуға бағыттау жоспарланған.

Алайда, жоспарлы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет жобасында қолдау тапқаны 14,2 млрд.теңге ғана. Оның ішінде:

энергетика және газбен жабдықтауға қажетті 36,0 млрд.теңгенің 1,39 млрд.теңгесі ғана қолдау тапқан.

Қазіргі уақытта қалада екі газ тарату станциясы 180 мың текше метр қуаттылығымен жұмыс жасауда, ал нақты қажеттілік 250 мың текше метрді құрайды. Жоспарланған үшінші газ тарату станциясына қажетті қаржы бөлініп, құрылысы шұғыл түрде аяқталмаса, бірқатар әлеуметтік нысандар мен жеке тұрғын үйлерді газбен жабдықтау мүмкіндігі болмайды.

Сол сияқты, қаржының өте аз көлемде қаралуы салдарынан қаладағы 39 елді мекен тұрғындары сапалы электр жарығыменен қамтамасыз етілмейді.

Сонымен қатар, 2020-2022 жылға арналған Республикалық бюджет жобасында қаладағы тұрғын үй құрылысы және оның инженерлік-инфрақұрылымына, ауыз су және кәріз жүйелері, тұрғындарды жылумен жабдықтауға, көлік инфрақұрылымын дамытуға қатысты ұсынылған 57,9 млрд.теңге бюджеттік өтінімнің 9,6 млрд.теңгесі, оның ішінде: 2020 жылға 3,7 млрд. теңгесі ғана қаралған.

Оған қосымша, Елбасының шалғай елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымы мен әлеуметтік мәселесін шешу бойынша бастау алған жобасына сәйкес, көлік және инженерлік инфрақұрылыммен қамту нысандары бойынша 11,7 млрд.теңгенің 3,9 млрд.теңгесі ғана жобада қаралған.

Білім беру, мәдениет және спорт салалары бойынша, оның ішінде: шағын аудандарда қажетті мектептердің құрылысына 6,7 млрд.теңге және бұқаралық спортпен айналысушылар санын арттыру үшін, нысандар құрылысын салуға жоспарлы жылға ұсынылған 1,1 млрд.теңгеге өтінім қолдау таппай бюджет жобасына енбеген.

Қорыта айтқанда, Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала деңгейіне лайықты дәрежеде болуына, қала тұрғындарына қолайлы әлеуметтік жағдай жасауына тікелей қатысты бюджеттік жобаларды жүзеге асыру мақсатында бюджеттік өтінімдерді қайта қарап, 2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында қосымша қаржы қарастыру қажет деп санаймын.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Жоғарыдағы мәселелердің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын ескере отырып, мүмкіндігінше он шешімін табу жолдарын қарастыруыңызды сұраймын.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінемін.

Құрметпен,

Н. БЕКНАЗАРОВ

Келісу шешімдері

27.09.2019 18:02:41: Бекназаров Н. К.(Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары Комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 18:04:37: Агиса Б. А.(Жалпы бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

28.09.2019 12:26:02: Турецкий Н. Н.(Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетімен өзара байланыс жасау бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

30.09.2019 08:57:04: Токсаба А. .(Жалпы бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

30.09.2019 09:20:40: Уакпаев М. С.(Сенат Аппаратының Басшылығы) - - ескертпелерсіз келісілген

30.09.2019 10:02:47: Уртембаев А. К.(Сенат Аппаратының Басшылығы) - - ескертпелерсіз келісілген

Қол қою шешімі

30.09.2019 10:04:55 Сыдыков С. С.. Қол қойылды